

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№8
(878)

Жұма, 27 ақпан 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

2015 жыл - Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы

Құрметті айыртаулықтар!

Сіздерді көпұлтты Қазақстан халқы үшін достастық пен бірліктің айғағы – Ассамблеяның құрылуына 20 жыл толу мерейтойымен құттықтаймын.

1995 жылдың 1 наурызында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен республикадағы ұлтаралық келісімді сақтау және оны одан әрі нығайту үшін жаңа қоғамдық институт – консультативті-кеңесші орган ретінде Қазақстан халқын ортақ мүддеге біріктіретін Ассамблея құрылды. Сол кезде осынау деңгейдегі қоғамдық институттың аналогы бұрынғы кеңестік дәуірінде, сондай-ақ әлем практикасында болған емес. Оның жұмыс тәжірибесі бүгінгі күндері әлемнің көптеген елдеріне пайдалы.

Қазіргі таңда Ассамблея әрбір ұлтқа салт-дәстүрлерін, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетуде. Өзара түсіністік, ұстамдылық, әр түрлі ұлт өкілдерінің рухын және мәдени құндылықтарына құрметпен қарау барлық этностарға ортақ жалпы халықтық қасиеттерді қалыптастыруға әсер етті.

Ассамблея құрылған тұсынан бастап, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың басқаруымен қызмет ететінінен оның саяси-қоғамдық аренадағы ерен маңыздылығы айқындалатынын баса айтуымыз жөн.

Ассамблеяның қызметі аясында Қазақстандағы барлық этностық топтар үшін құрылып жатқан білім беру және тілдік орта, ақпараттық-мәдени



объектілердің болуы, нығайтып жатқан халықаралық байланыстар Қазақстан мен оның барша халқының мәдени дамуының ортақ ісіне өз үлестерін қосуда. Болашағымызға бағдар ететін, халқымызды біріктіріп, ұлы мақсаттарға жетелейтін «Мәңгілік Ел» идеясын ұстанған көп ұлтты еліміздің әр азаматының бойына шынайы отансүйгіштік сезімі тән.

Елбасы өзінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында ел бірлігін біздің барша табыстарымыздың кілті деп атап, бұл қоғамдық құндылықты ең басты назарға алып, баршамамызға

қорғауды тапсырды. Қазіргі таңда халықаралық жағдай тұрақсызданып, көптеген елдерді дағдарыс қыспаққа алып, экономикалық құлдырау белең алып отыр. Сондықтан еліміздегі барынтымақ-бірлігімізді жойм-ай, алаңсыз еңбек етіп, тұрақтылық пен достастыққа берік болуымыз керек.

Құрметті жерлестер!

Баршаларыңызға денсаулық пен бақыт, жанұяларыңызға игілік, татулық пен жақсылық тілеймін. Отанымыз – Қазақстанның шаңырағы шайқалмай, егеменді еліміз жасай берсін!

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.

Байқау


Тіл жаңашыры - Надежда



Ақпанның 4 жұлдызында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай елімізде мекен ететін өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында облыстық тілдерді дамыту басқармасында үш бөлімнен тұратын «Тіл – татулық тірегі» атты облыстық байқау өткізілді.

Аталмыш байқауға ауданымыздың атынан «Колосок» балабақшасының тәрбиешісі, қазақ отбасының келіні Батенова Надежда Александровна қатысып, ауданымыздың мәртебесін асқақтатып, жүлделі 3 орынмен оралды. Бұған дейін де қазақ тілінен өткен бірнеше сайыстарға қатысып, жүлдегер атанып үлгерген. Надежда үшін бұл жеңісінің де орны ерекше. Надеждаға осы сайысқа қатысып, жеңіске жетуіне жәрдемдесіп, атсалысқан осы балабақшаның қазақ тілі мұғалімі - Қожатаева Мәншүк Бекболатқызы.

Надеждаға алдағы уақытта да қазақ шаңырағының Отанасы деген ардақты атқа лайық болып, қызметте



жетістікке жетіп, отбасындағы аяулы орныңыз ортаймасын деп тілей отыра, жеңісіңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Мақпал ӘЛМАҒАМБЕТОВА,
ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің маманы

ЕЛ МҮДДЕСІНЕ ҚАЗЖЕТ ҚАДАМ

Жер бетінде орын алған оқиғалар жайлы ақпарат жылдам тарайтын уақытта тіршілік көшіп жатырмыз. Сол себепті төрткүл дүниені экономикалық тұрақсыздық жайлағанынан хабардармыз. Әртүрлі ғалым, сарапшы атаулы бұл жаһандық дағдарысқа сан қилы сипаттама беруде. Қалай дегенмен де оның еліміздің әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне теріс әсері тимеуі үшін, нақты шаралар ойластырылып, арнайы жоспар да құрылды. Оны сәтті жүзеге асыруға және осынау өтпелі кезеңнен қалыпты даму қарқынын сақтай отырып шығуға белгілі бір деңгейде ықпал ететін маңызды жайт бар. Нақты айтқанда, аталмыш жоспардың үздіксіз әрі жүйелі орындалуына жол ашатын жағдай қалыптастыру қажет. Таяуда Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшелері, осынау дүниежүзін тұрақсыздық жайлаған шақта, еліміздің даму қарқынын бәсеңдетпеу ниетінен туындаған осы бір ойды негізге ала отырып, елімізде кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы бастама көтерді. Әрі бұл ұсыныстың халық тарапынан жасалғанын да жеткізді.

«Қазақстан халқы Ассамблеясына Қазақстан Республикасы Президентінің мерзімінен бұрын сайлауын өткізу туралы бастама көтеріп, еліміздің барлық

өңірлерінен көптеген азаматтар хабарласуда. Қазақстан халқы Ассамблеясы осы маңызды мәселе бойынша ұстанымын білдіруді өзінің азаматтық борышы деп санайды. Әлемдік экономикалық дағдарыс пен күрделі халықаралық жағдай орын алып отырған тұста, сайлау өткізу туралы жалпыхалықтық бастаманың көтерілуі уақыт талабы болып табылады. Бүгінде «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» бағдарламасын және «Қазақстан – 2050» ұзақмерзімді Стратегиясын жүзеге асыру үшін бар күш-жігерімізді біріктіру керек. Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саясат төңірегінде топтасу арқылы еліміздің одан әрі қарқынды дамуы мен азаматтардың әл-ауқатын арттыруға қол жеткізе алатынымызға сенімдіміз», - делінген Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесі мүшелерінің үндеуінде.

Барлық жайттарды сарапалап, екшей келе, ел үшін пайдасы мен берері мол байыпты бастаманы қолдайтынмызды айтқым келеді. Барша жұртшылықты осы үндеуге үн қосуға шақырамын. Бірлігімізді танытып, еліміздің дамуы үшін, үлкен мәнге ие ұсынысқа қолдау көрсетейік.

Армия ӘБІЛҚАЙЫРОВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы,
Айыртау ауданының Құрметті азаматы.

Кезектен тыс сайлау – уақыт талабы

Кезектен тыс президенттік сайлау өткізу өз кезегінде, еліміздің қарқынды дамуына, «Нұрлы Жол» стратегиялық бағдарламасының жүзеге асырылуына оң ықпалын тигізетіні сөзсіз. Дәл қазіргі бүкіләлемдік геосаяси және экономикалық тұрақсыздық жағдайында бізге бірлесіп-қимыл атқарып, ортақ идеяның төңірегінде топтаса білгеніміз абзал. Осы арқылы барлық мүмкіндікті пайдалана отырып, жаһандық дағдарысты еңсеруге, ел экономикасының қарыштап дамуына жол ашқан болар едік. Бүгінде ҚР Президентінің «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» бағдарламасы мен ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыру үшін қоғамдық оң көзқарасты қалыптастырып, күш-жігерімізді бір мүддеге жұмылдыру қажет. Жылында жарысөзге шыққан зиялы қауым өкілдерінің айтар ортақ ойы осыған саяды.

ЕЛ ҮШІН МАҢЫЗЫ ЗОР

Арайлы Айыртаудың жастары да Президент сайлауын биыл өткізуге қолдау білдіріп отыр. Аудан жастары ел өміріндегі маңызды оқиғаларға үн қосып, пікір айтуда белсенділік көрсетіп келеді. Қазір әлемдік деңгейде дағдарыс болып жатқандықтан келесі жылы 2016 жылы екі сайлауды өткізу біздің республикамызға экономикалық тұрғыдан өте қиын тиеді. Сондықтан да ол сайлауды биыл өткізгеніміз бізге әлдеқайда қолайлы. Сондықтан біз бұл бастаманы қолдаймыз. Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысын қолдауымыз дұрыс. Сайлау бүкіл Қазақстан халқы мен барлық мемлекеттік органдарды дағдарысқа қарсы жоспарды жүзеге асыруға жұмылдырып, «Нұрлы Жол» стратегиясын сәтті орындауға серпін береді. Сондай-ақ үндеу авторлары дұрыс таңдаудың нәтижесінде еліміздің бұл сыннан да сүрінбей өтіп, «Қазақстан-2050» стратегиясын абыроймен орындайтынына көміл сенеді. Әлемдік экономика үлкен қиындықтарға тап болып отыр. Сарапшылардың болжамдарына құлақ түрсек, жағдай тек қиындай бермек. Көптеген мемлекеттерде экономиканың құлдырауы, жұмыссыздық және басқа да көлеңсіз көріністер байқалуда. Осындай жағдайда Қазақстан дағдарыстың алдын алатын шараларды шапшаң түрде жүзеге асыруы тиіс. Сондай нақты шаралардың бірден бірі – Президентіміздің «Нұрлы Жол» бағдарламасы.

Әйгерім ОМАРОВА,
«Жастар бастамалары орталығы» КММ-нің кеңесшісі.

Құрметті Айыртау ауданының тұрғындары мен қонақтары!

2015 жылдың 1 наурызында сағат 10.00-де Арықбалық ауылдық Мәдениет үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 20-жылдық мерекесіне арналған мерекелік іс шара өтеді.

Бағдарламада: құттықтау сөз, көркемөнерпаздар концерті, ұлттық киімдердің, тағамдардың және спорттық ойындардың көрсетілуі, мерекелік жәрмеңке

Баршаңызды мерекеге қатысуға шақырамыз!
Ұйымдастыру комитеті.

Мендігүл ОЛЖАБАЕВА,
Саумалкө қазақ ОМ-нің директоры,
аудандық мәслихаттың депутаты,
«Нұр Отан» партиясының мүшесі.



госпитальде емделеді.

1945 жылы соғыс біткен соң Сырымбетке қайтып келеді. Бейбітшілік өмірдің құрылысы басталды. Бейбіт өмірде Николай Ивановичтің отбасын құрып, жұмысшы болып жұмыс істейді. Междүзертное колхозында мал бағып, тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде белсенді еңбек етті.

Ерлігі үшін, соғыстан кейінгі еңбегі үшін: «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игеруіне», «Георгий Жуков» медальдарымен марапатталды, «Еңбек ардагері» атағына ие болды.

Жұбайымен бірге бес бала тәрбиелеп өсірді, он немере-шөберелері бар. Осындай мереке қарсаңындағы қуанышты сыйлыққа ардагер дән ризашылығын білдіріп жатты. Ол мемлекеттің, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қарттарға деген қамқорлығының арқасы екенін жеткізді. Осындай сыйлық Николай Андреевичтің Ұлы Жеңіс мерекесін жақсы көңіл күймен қарсы алып, өмірін жалғастыруға жігерлігін арттырады.

Өз хабарымыз.

Байқау

«ЖЕҢІС ҮШІН АТАМЫЗҒА МЫҢ АЛҒЫС!»




Байқау ақпанның 10-ы мен сәуірдің 30-ы аралығында өткізіледі. Ең үздік жұмыстар аудандық газет беттеріне жарияланады, ал жеңімпаздар арнайы мадақтамалармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Байқау жұмыстарын мына мекен-жайға 150100, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Конституция көшесі, 72 үй немесе газеттердің электронды пошталарына жіберуге болады.

Ынтымақтастық

ЕКІЖАҚТЫ КЕЛІСІМ

Ақпанның 19-ы күні «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының мәжіліс залында ауданның атқарушы органдары, аудан кәсіпкерлері мен ауыл шаруашылығы серіктестіктерінің басшыларының Біріккен Араб Әмірліктерінің өкілдері – Рабари Афзал және Жалак Бехрусеп, «China Imprex Co» компаниясы филиалының директоры Сағатбек Әмірбаевпен, «Толқын-Астық» ЖШС-нің директоры Болат Хасеновпен және «Толқын-Астық» ЖШС-і директорының орынбасары Әли Бердилермен кездесуі болып өтті.



Кездесудің барысында аудан аумағында ауыл шаруашылығы, шағын және орта бизнес және туризм саласын дамыту жөніндегі мәселелер талқыланды.

Келіссөз алдында ең алдымен келген делегация өкілдері Айыртау ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының барысы жайлы ағылшын тіліндегі шағын бейнефильмді тамашалаған соң, БАЭ инвесторы Рабари Афзал Айыртау ауданының тамаша табиғатының қызықтыратынын және де сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласына да көңіл бөлетінін жеткізді.

Кездесу барысында аудан әкімі Ағзам Тастеміров ауданда шағын және орта бизнесті дамыту, экотуризм саласын жандандыру бағытындағы оң істерге тоқталып өтті.

Келіссөз соңында Рабари Афзал аудан басшысы тарапынан ұсынылған ұсыныстарға қызығушылық танытып, алдағы уақытта ауданымызға бір топ сарапшыларын жіберіп, барлық ұсыныстарды зерделейтінін жеткізді.

Кездесу соңында БАЭ инвесторы Рабари Афзал мен аудан басшысы Ағзам Тастеміров достық символы ретінде естелік сыйлықтармен алмасып, суретке түсті.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

Президент тапсырмасын орындай отырып

Отандық тауарды сатып ал!

«Барлық сауда желілерінде отандық тауарлар секциясы пайда болу үшін «Қазақстанда жасалған» акциясын бастаймыз. Облыс әкімдері мұны қадағалап отыруы керек. Барша азаматтарға осы күрделі жағдайда патриот болып, қазақстандық өнімді сатып алу жөнінде сөз арнаймыз».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев.

Мемлекет басшысы ел Үкіметінің кеңейтілген отырысында отандық өндірушілерді қолдауға шақырып, «Қазақстанда жасалған!» жалпыұлттық акциясын бастауды тапсырған еді. Осы орайда аудан орталығындағы сауда орындарында отандық өнімдерге арналған серелер ашылып, елімізде шығарылатын тауарлар қойылды.



Аудан әкімдігінің тарапынан қолдауға шақырған бұл акцияға аудан орталығындағы «5 минут» шағын-маркеті, «Саумалкөл», «Астана», «Қазақстан», «Оксана», «Алматы», «Фортуна», «Нұр», «Континент» және тағы бірнеше сауда орталықтары алғашқылардың бірі болып қосылды. Сауда орталықтарында «Қазақстанда жасалған» деген жазуы бар маңдайшалар бірден көзге түседі. Мұнда өзін патриот санайтын тұтынушылардың қарасы көп. Отандық өнім өндіретін кәсіпорындарды қолдау мақсатында ұйымдастырылған шараларда өз өнімімізге тұрғындар да қолдау білдіруде. Қазақстанда өндірілген азық-түліктер мен тұрмыстық заттарды сатып алып, белсенділік танытып жатыр. – Өзімізде шығарылатын тауарлар сапалы әрі таза болады. Әсіресе, дәмі тіл үйіретін сүт өнімдерін айтар едім. Отбасым үшін үнемі отандық тауарларды ғана сатып алуға тырысамын, – дейді саумалкөлдік Сұлұаш Байбазарова. Отандық тауарлардың бәсекелестерден артықшылығы оның бағасында ғана емес сапасында. Тікелей өндірушілерден өкелінетін тауарлар тұтынушыларға мерзімінде жеткізіледі. Сауда орталықтарында «Қазақстанда жасалған» деген белгімен жұмыртқа, тауық еті, ет, сүт өнімдері, әртүрлі шырындар мен газды сусындар, кондитерлік және макарон өнімдер де кең сұранысқа ие болуда. – Біз барынша отандық тауарларды қолдауға мүмкіндік жасаудамыз, – дейді «5 минут» шағын-маркетінің басшысы, жеке кәсіпкер Орал Исин. – Мемлекет тарапынан жасалып отырған мұндай қолдау алдағы уақытта бәсекеге қабілетті отандық өндірушілердің әлемдік экономикадағы жаңаша қадамдарын айшықтай түседі. «Қазақстанда жасалған» акциясы арқылы тұрғындар өз мемлекетінің экономикасына да үлес қосып жатқанын сезінуі керек. Сондықтан «Қазақстанда жасалған» акциясы қашанда болсын өзектілігін жоғалтпайды. Ал ауданның кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Гүлмира Әбілқайырова: «Елімізде жасалған тауарларды тұтыну арқылы ел экономикасын дамытуға сүбелі үлес қосатынын осылайша тұрғындар да ұғынып отыр. Алдағы уақытта қазақстандық өнімдерді насихаттау шаралары жалғасады. Тауарларды тұтынушылар көп шоғырланатын өтімді орындарда сату бағытындағы шаралар аудандағы ірі сауда орындарында және ауылдық, аудандық жәрмеңкелерде іске асады деп жоспарланып отыр» - дейді.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген Елена НЕДОРОСТКОВА.

Салауатты өмір салты

«Солтүстік – 2015» қысқы спорт ойындары

Өткен аптаның соңы ақпанның 19-20-ы күндері Сырымбет ауылдық округінің орталығы Сырымбет ауылында Қазақ хандығының 550 жылдығына, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына және Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына орай аудандық «Солтүстік–2015» қысқы спорт ойындары болып өтті.

Екі күнге созылған сайыста спортшылар футбол, шаңғы жарысы, шорт-трек, шайбалы хоккей, қысқы Президенттік көпсайыс түрлері бойынша жарысқа түсті.

Оған ауданымыздың барлық ауылдық округтерінен ерлер және қыздар командалары қатысты.

Салтанатты шара «Солтүстік-2015» қысқы спорт ойындарының және мерекелік туларды желбірете ұстаған аудан жастарының шеруімен басталып, одан кейін ойынға төрелік ететін төрешілер құрама командаларымен жалғасты.

Салтанатты шараның ашылуында сөз алған аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров: «Бүгінгі салауатты өмір салтын қалыптастырып, дене шынықтыру мен спорттың насихаттауына бағытталған «Солтүстік-2015» қысқы спорт мейрамы биылғы жылы Сырымбет ауылында өткізіліп отыр.

Халықаралық ауқымдағы елеулі оқиға – Словакия мен Испанияда осы жылы өткен қысқы Универсиадада еліміздің ұлттық құрамасы 3 орынға ие болғанын мақтан етіп атап өтіуіміз жөн. Универсиада жалауы эстафетамен біздің елімізге беріліп, 2017 жылы Алматы қаласында XXVIII студенттер ойыны өтеді. Осы жетістіктер Қазақстанда спорттың кеңінен қанат жайып, дамып келе жатқандығының, салауатты өмір салтын жақтаушылардың қатары көбейіп келе жатқандығының айғағы.

Елімізде спорт салаларының дамуына ұдайы назар аударылуының арқасында материалдық-техникалық жарақтануымыз жақсарып, спорт жабдықтары мен құралдарының сапасы артып келеді. Ауданымыздағы елді мекендердегі спорттық стадиондар қалпына келтіріліп, жаңадан мұз айдын-



дары ашылууда. Бүгінгі додалы жарыста Сіздерге жеңіс тұғырына көтерілу жолында сәттілік, отбасыларыңызға амандық пен ырыс-береке тілеймін» - дей келе жас жеткіншектердің қысқы спорт түрлерімен шұғылданыу үшін Сырымбет орта мектебіне 10 пар коньки сыйға тарту етті.

Содан соң «А и К Агро» ЖШС директоры Александр Абакумов пен спорт ардагері Мереке Бейсембаевтар спорт сүйер қауымды айтулы қысқы спорт ойындарының ашылуымен құттықтады.

Осы ауылдағы қысқы спорт ойындарын өткізуге, хоккей алаңы мен басқа да спорттық орындарды жасауға атсалысқан «А и К Агро» ЖШС-ін, Айыртау орман шаруашылығын, Сырымбет орта мектебінің ұжымын және басқа да жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының зор үлестерін айта кеткен жөн.

«Солтүстік-2015» қысқы спорт ойындарының жалауын Сырымбет орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Марат Кенжеғалиев көтерсе, оның алауын жағу құқығы Қарақамыс негізгі мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, аудан спортшыларының аға буын өкілі Асқар Уәлиевке бұйырды.

Қысқы спорт ойындарының салтанатты ашылуы аудандық көркемөнерпаздар

ұжымының театрландырылған қайылымымен жалғаса келе, «А и К Агро» ЖШС-нің демеушілігімен шешімін тапқан мерекелік отшашуға уласты.

Сонымен қатар жерлес азамат, «Бұқпа» газетінің бас редакторы Мұрат Айбашпанов Сырымбет ауылдық округіне шөп шабатын шағын техника (газонокосилка) алуға демеушілік жасаса, аудандық мәслихат та қысқы ойындарды өткізуде арнайы сыйлықтармен демеушілік жасады.

Екі күнге созылған қысқы спорттық жарыстардың қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте Имантау ауылдық округі аудандық «Солтүстік-2015» қысқы спорт ойындарының жеңімпазы атанса, арықбалықтықтар жүлделі екінші орынға тұрақтанды, ал ІІІ орын алаң иелері Сырымбет ауылдық округіне бұйырды.

Салтанатты марапаттауда барлық жеңімпаздар мен жекелеген спорт сайысының жүлдегерлері арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталып, қысқы спорт ойындарының кубоктары табысталды.

Келесі аудандық «Солтүстік-2016» қысқы спорт ойындары Имантау ауылдық округінде өтетін болады.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Көркемөнерпаздар байқауы

Ардақтаймын, мақтан етемін, мәңгі есте сақтаймын!

Ақпанның 17-сі күні Константиновка және Гусаковка ауылдық округтерінде

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы және Қазақ хандығының құрылғанының 550 жылдығына орай «Ардақтаймын, мақтан етемін, мәңгі есте сақтаймын!» ұранымен көркемөнерпаздар байқауы өтті.



Байқау мақсаты - ауданда көркемөнерпаздар шығармашылығын одан әрі дамытуға қажетті жағдайлар жасау, халықтық қолөнер шығармашылығын дамыту, жаңа шығармашылық ұжымдар құру және олардың орындаушылық шеберліктері мен кәсіби деңгейін жақсарту, салауатты өмір салтын қалыптастыруға тікелей әсер ететін мәдени-көпшілік шараларының көркемдік деңгейін көтеру. Аудан экономикасы мен әлеуметтік дамуын жақсарту түсіні, аға ұрпақ өкілдерінің еңбегі мен есіміне деген құрметті арттыру, жас ұрпақ бойында тіл мен дінді құрметтеу, халықтық әдет пен дәстүрді сақтау, білім мен мәдениетті өркендету, ұлттық намыс пен сананы орнықтыру, халықтар достығы мен Қазақстандық патриотизм сезімдерін қалыптастыру негізінде ұйымдастырылады.

Константиновка ауылдық округінің өнерпаздары жақсы дайындықпен ерекшеленді. Әр түрлі тілде айтқан өлеңдері, билеген билері, қойылдымдары тақырып бойынша слайдпен суреттеліп отырылды.

Әділқазылар арасындағы Мәдениет үйінің мамандары әр нөмірге өз бағаларын берді, соның ішінде атап өткендері Назаров Илья «Төрт ана» өлеңі, «Бозбала мен бойжеткен» қазақ биі, кіші сынып оқушылары билеген «Варис, варис кашка», «Муравьяна квартира» билері, ясли сад бүлдіршіндерінің өлеңдері мен тапқақтары көрермендерді тәнті етті. Концерттік бағдарламаны

дайындаған жетекші Наталья Назарова «Ты помни» деген өнімен тыңдаушылардың көңілін жбітіп, толқытты. Мәдениет үйінің маманы Жанна Бабасова концерт соңында ауданан басталған «20 игі іс» атты акцияның символы «Шаңырақты» Константиновка ауылдық округіне табыс етті.

Концерт байқауының жалғасы Гусаковка ауылдық округінде де өтті. Бұл концертке тұрғындардың кішкентай бүлдіршіндерінен бастап зейнеткерлерге дейін қатысып,

өнерлерін көрсетті. Бағдарламасының басында Илияс Есенберлиннің шағармасы бойынша үлкен сахналық «Сұлтандар кеңесі» атты қойылымға қатысқан өзге ұлт оқушыларының қазақша сөйлегендері әділқазылардың мақтауына ілікті. Вокалдық топтар концерт барысында бірнеше өндер орындап, нағыз өнерпаздар екенін дәлелдеді. Кіші сынып оқушылар тобының бишілері «Калинка» биін билеп, көрерменнің қошеметіне бөленді. Константиновка ауылдық округінен эстафетамен келген «20 игі іс» атты акцияның «Шаңырақ» символы Гусаковка ауылдық округіне табыс етілді.

Ақпанның 23-і күні көркемөнерпаздар байқауы ауданның Саумалкөл қазақ орта мектебінде де жалғасын тапты. Концерт өтетін зал тақырыптарға сай безендірілген. Шаңырақ астында өткен концертке мектептің барлық мұғалімдері, оқушылары қатысып өнерлерін көрермендерге паш етті.

Қазақ орта мектебінде өткен концерт бағдарламасының қойылымдардағы, өндердегі, билердегі киген костюмдері көз жауын алады, мектеп ұжымының концертке дайындалған үлкен еңбектерін көрсетеді. Әділқазылар бағаларын беріп, концерттің жоғары деңгейде өткенін атап өтті.

Барқыт КОКЕНОВА.
Суретті түсірген автор.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 10 ақпандағы № 42 қаулысы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 маусымдағы № 294 «Ауданның коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау акысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін анықтау туралы» қаулысының күші жойылғанын тану туралы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1 бабына, 43-1 бабының 1-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 маусымдағы № 294 «Ауданның коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау акысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін анықтау туралы» қаулысының күші жойылғаны

танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 14 шілдеде № 2851 болып тіркелген, 2014 жылғы 24 шілдеде № 20 «Бірінші сөз» және 2014 жылғы 24 шілдеде № 20 «Первое слово» газеттерінде жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Айыртау ауданы әкімі аппаратының басшысы Қ.С.Қайнетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ағзам ТАСТЕМИРОВ, аудан әкімі.

Аудан әкімінің және селолық округ әкімдерінің 2015 жылдың қаңтар-ақпанында халықпен есептік кездесулерінде берілген ұсыныстары мен ескертпелерін орындау жөніндегі іс-шаралар Жоспарларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 2-тармағына, аудан әкімінің және селолық округтер әкімдерінің 2015 жылдың қаңтар-ақпанында өткізген халықпен есептік кездесулерінің қорытындысы бойынша, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген аудан әкімінің және селолық округ әкімдерінің 2015 жылдың қаңтар-ақпанында халықпен есептік кездесулерінде берілген ұсыныстары мен ескертпелерін орындау жөніндегі іс-шаралар Жоспарлары бекітілсін (одан әрі – іс-шаралар Жоспарлары).

2. Айыртау ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау жұмысы бойынша құрылымдық бөлімшесі іс-шаралар Жоспарларын орындау жөнінде монито-

ринг жүргізіп, мониторинг барысын бұқаралық ақпарат құралдарында тоқсан сайын жариялап тұрсын.

3. Айыртау ауданы әкімі аппаратының басшысы 2015 жылдың қаңтар-ақпанында аудан әкімінің және селолық округ әкімдерінің халықпен есептік кездесулері барысында түскен ұсыныстары мен ескертпелерінің орындалу барысы туралы селолық округтер әкімдерінің, ауданның атқарушы органдары басшыларының есептерін әрдайым тыңдауды қарастырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Айыртау ауданы әкімінің орынбасарларына және Айыртау ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ағзам ТАСТЕМИРОВ, Айыртау ауданының әкімі.

2015 жылғы ақпанда тұрғындармен есептік кездесуде Айыртау ауданының әкіміне түскенсұрақтар мен ұсыныстарды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар

2015 жылғы 1 тоқсан

№ р/с	Сұрақ авторының Т.А.Ә. сұрақ пен ұсыныстың мазмұны	Орындау бойынша іс-шаралар	Орындауға жауап-тылар	Орындау мерзімі	Орындауды бақылау
Антоновка ауылдық округі					
Антоновка ауылы					
	Антоновка АДА жылу беру тәртібі бақылауға алынысн. <i>Евгения Александровна Ивашина, әлеуметтік қызметкер</i>	Мәселе бақылауға алынды.Осы мәселе Айытау ОАА бас дерігерімен бірлесіп шешіледі.	С.Ф.Молдахметов Т. Ж.Раев	2015 ж. наурыз	М.Т.Науанова
Арықбалық ауылдық округі					
Арықбалық ауылы					
	Ағынтай батыр а. телефон бай-ланысы сапасы мәсе-лесін радио қолжетімділігі арқылы шешу. <i>Сұрақ жәшіктен</i>	Мәселе бақылауға алынды.Аудандық телекоммуникация желісі филиалымен атқарылады.	А.Л.МаKENова Қ.Қ.Шарапов	2015 ж. наурыз	Қ.Д.Досымбеков
	Целинное ауылын жоғарғы жылдамдықтағы интернетке қосу мәселесі. <i>Сұрақ жәшіктен</i>	Целинное ауылын жоғарғы жылдам-дықтағы интернетке қосу туралы.	А.Л.МаKENова Қ.Қ.Шарапов	2015 ж. наурыз	Қ.Д.Досымбеков
	Саумалкөл а. сағ. 15.00-де шығумен Саумалкөл-Арық-балық автобусы қозғалысы кестесін қайта қарастыру мәселесі. <i>Махмуд Баишев, зейнеткер</i>	Саумалкөл а. сағ. 15.00-де шығумен Саумалкөл-Арықбалық автобусы қозғалысы кестесін қайта қарастырылсын.	С.М.Дайыров Қ.Қ.Шарапов	2015 ж. наурыз	Қ.Д.Досымбеков
Володар ауылдық округі					
Саумалкөл а.					
5	<i>Элеватор аумағындағы «Ғасыр-Айыртау» ЖШС жылу беретін 3 үйдің жылу беру тәртібі бақылауға алынысн. Татьяна Михайловна Бычкова, жеке кәсіпкер</i>	Мәселе бақылауға алынды. Осы мәселе «Ғасыр-Айыртау» ЖШС бас-шысы В.М.Лыткинмен бірлесіп шешіледі.	С.М.Дайыров Е.С.Сәдуақасов	2015 ж. ақпан	Қ.Д.Досымбеков
Константиновка селолық округі					
Константиновка а.					
6	Телефон байланысы сапасы мәселесін радио қолжетімділігі арқылы шешу. <i>Александр Васильевич Кузеванов,Ақан ОМ директоры</i>	Мәселе бақылауға алынды. Аудандық телекомму-никация желісі филиа-лымен атқарылады.	А.Л.МаKENова С.Н.Оспанов	2015 ж. наурызы	Қ.Д.Досымбеков
Барлығы Орындалды Жұмыста				6 0 0	

Қ.ҚАЙНЕТОВ, аудан әкімінің аппарат басшысы

2015 жылғы ақпанда тұрғындармен есептік кездесуде Айыртау ауданының әкіміне түскенсұрақтар мен ұсыныстарды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар

2015 жылғы 2 тоқсан

№ р/с	Сұрақ авторының Т.А.Ә. сұрақ пен ұсыныстың мазмұны	Орындау бойынша іс-шаралар	Орындауға жауап-тылар	Орындау мерзімі	Орындауды бақылау
Нижнебурлук ауылдық округі					
Нижний Бурлук а.					
1	Нижний Бурлук а. дәріхана ашу туралы. Юрий Андреевич Алексеев, зейнеткер	Мәселе бақылауға алынды.Мәселе Айыртау ОАА бас дерігерімен бірлесіп 2015 жылдың 2 тоқсанында шешіледі	С.Г.Молдахметов М.А.Жүсіпов	2015 ж. маусым	М.Т.Науанова
Қамсақты ауылдық округі					
Карасевка а.					
2	Елді мекенге жақын жерде «Мал айдау» жол белгісін орнату туралы. Турысбек Құстайұлы Сәтбергенов, өзін-өзі қамтамасыз етуші	Мәселе бақылауға алынды. 2015 жылдың көктем-жаз мезгілдерінде белгілер орнатылады.	С.М.Дайыров А.С.Ідірісов Ж.А.Беркімбай	2015 ж. маусым	Қ.Д.Досым-беков
Барлығы Орындалды Жұмыста				2 0 0	

Қ.ҚАЙНЕТОВ, аудан әкімінің аппарат басшысы

2015 жылғы ақпанда тұрғындармен есептік кездесуде Айыртау ауданының әкіміне түскенсұрақтар мен ұсыныстарды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар

2015 жылғы 3 тоқсан

№ р/с	Сұрақ авторының Т.А.Ә. сұрақ пен ұсынысты мазмұны	Орындау бойынша іс-шаралар	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Орындауды бақылау
Елецкий ауылдық округі					
Елецкое а.					
1	Елді мекенді әрі қарай абаттан-дыру туралы. Галина Ивановна Миргород-ская, Елецкий ОМ директоры	Мәселе бақылауға алынды. 2015 жылдың көктем-жаз мезгілдерінде шешіледі.	С.М.Дайыров С.О.Қасенов	2015 ж. шілде	Қ.Д.Досымбеков
Казанка ауылдық округі					
Казанка а.					
2	Ауылды әрі қарай абаттандыру-ды жүргізу. Валентина Николаевна Сушеч-кая, зейнеткер	Мәселе бақылауға алынды. 2015 жылдың көктем-жаз мез-гілдерінде шешіледі.	С.М.Дайыров А.В.Городецкий	2015 ж. шілде	Қ.Д.Досымбеков
Лобаново ауылдық округі					
Лобаново а.					
3	Заря ауылын әрі қарай абаттан-дыруды жүргізу. Виктор Яковлевич Кляус, зейнеткер	Мәселе бақылауға алынды. 2015 жылдың көктем-жаз мезгілдерінде шешіледі.	С.М.Дайыров Е.С.Жайықов	2015 ж. шілде	Қ.Д.Досымбеков

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 47 қаулысы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің2010 жылғы 12 тамыздағы «Сотталғандарға қоғамдық пайдалы жұмыс түрлерін анықтау туралы» № 273 қаулысының күші жойылғанын тану туралы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 21-1 бабына, 43-1 бабының 1-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 12 тамыздағы «Сотталғандарға қоғамдық пайдалы жұмыс түрлерін анықтау туралы» № 273 қаулысының күші жойылғаны танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2010 жылғы 21 қыркүйекте № 13-3-123 тіркелген, 2010 жылғы 1 қазандағы № 40 «Айыртау таңы» және 2010 жылғы 1 қазандағы № 40 «Айыртауские зори» газеттерінде жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің орын-басары М.Т. Науановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ағзам ТАСТЕМИРОВ, аудан әкімі.

Сырымбет ауылдық округі					
Сырымбет а.					
4	Ауылды әрі қарай абаттандыру-ды жүргізу. Мереке Айтпайұлы Бейсемба-ев, зейнеткер	Мәселе бақылауға алынды. 2015 жылдың көктем-жаз мезгілдерінде шешіледі.	С.М.Дайыров Д.Қ.Сүлейменов	2015 ж. шілде	Қ.Д.Досымбеков
Барлығы Орындалды Жұмыста				4 0 0	

Қ.ҚАЙНЕТОВ, аудан әкімінің аппарат басшысы

2015 жылғы ақпанда тұрғындармен есептік кездесуде Айыртау ауданының әкіміне түскен сұрақтар мен ұсыныстарды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар

2015 жылғы 4 тоқсан

№ р/с	Сұрақ авторының Т.А.Ә. сұрақ пен ұсыныстың мазмұны	Орындау бойынша іс-шаралар	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Орындауды бақылау
Антоновка ауылдық округі					
Антоновка а.					
1	Ішкі кент жолдарының қысқы ұсталуы. Надежда Михайловна Галиаскарова, зейнеткер	Мәселе бақылауға алынды.Қыс мер-зімінде ішкі кент жол-дарын тазалауға және ұстауға «Журавка» ЖШС, «Ратмир»ЖШС техникалары бекітілді.	С.М.Дайыров Т.Ж.Раев	2015 ж. желтоқсан	Қ.Д.Досымбеков
Володар ауылдық округі					
Саумалкөл а.					
2	2015 жылы Саумалкөл а. шағын ауданындағы 80 пәтерлі тұрғын үйді, 45 пәтерлі аз отбасылық жатақхананы қайта қалпына келтіру жұмыстары бастала ма? <i>Сұрақ жәшіктен</i>	Сұрақ бақылауға алынды. Бұл нысандар бойынша 685,6 млн. теңге сомаға ЖСҚ әзірленді,мемлекеттік сараптама қорытын-дысы бар, қаржыланды-руды қажет етеді.	С.М.Дайыров Е.С.Сәдуақасов	2015 ж. желтоқсан	Қ.Д.Досымбеков
3	2015 жылы Саумалкөл а. шағын ауданында жылу беру жүйесінің құрылысы жүргізіле ме? <i>Сұрақ жәшіктен</i>	Сұрақ бақылауға алынды 159 млн. теңге сомаға ЖСҚ әзірленді, мемлекеттік сараптама қорытындысы бар, қаржыландыруды қажет етеді.	С.М.Дайыров Е.С.Сәдуақасов	2015 ж. желтоқсан	Қ.Д.Досымбеков
4	Аудан орталығы-Саумал-көл а. облыстық маңызы бар жолдарды күтіп ұстау бойынша жол учаскелері құрылсын. Армия Әбіл-қайырұлы Әбілқайыров, ауданның Ардагерлер кеңесінің төрағасы.	Мәселе бақылауға алынды. Аудан орталығы-Саумалкөл а. жол учаскелерін ашу қажеттілігі туралы жоғарғы органдарға ұсыныс жасалсын.	С.М.Дайыров Е.С.Сәдуақасов	2015 ж. желтоқсан	Қ.Д.Досымбеков
Гусаков ауылдық округі					
Гусаковка а.					
5.	«Чистополье-Гусаковка» жолын қысқы ұстау. Сұрақ жәшіктен.	Мәселе бақылауға алынды. Қыс мерзімінде ішкі кент жолдарын тазалауғажәне ұстауға «Константиновка-2004» ЖШС, «Гусаковка» ЖШС, «Арықбалық» ЖШС, «Лобаново» ЖШС техника-лары бекітілді.	С.М.Дайыров Е.Е.Таласов	2015 ж. желтоқсан	Қ.Д.Досымбеков
Имантау ауылдық округі					
Имантау а.					
6	Имантау көлі жағалауын-да бұрын жас теңізшілер клубы (КЮМ) болған, осы орында демалыс аумағының құрылысы жоспарлана ма? <i>Сұрақ жәшіктен</i>	Мәселе бақылауға алынды. 2015 жылы демалыс аумағының құрылысы басталады.	Л.В.Сердюк	2015 ж. желтоқсан	
7	Имантау ауылының дәрігерлік амбулато-риясында округ тұрғындары емделетін физио-кабинет бар,физио-кабинеттің құрылғылары жұмыс жағдайын-да, бірақ заманға сай емес. Осы құрыл-ғыларды жаңарту мүмкіндігі бар ма? <i>Сұрақ жәшіктен</i>	Сұрақ бақылауға алынды. Облыстық бюджет-тен заманға сай физиоқұрылғылар сатып алуға қаржыландыру жүргізіледі.	С.Ф.Молдахметов Л.В.Сердюк	2015 ж. желтоқсан	М.Т.Науанова
8	Имантау ауылы арқылы өтетін «Еленовка-Чистополье» автожолының тозуына байланысты жөн-деу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындады. Ағымдағы жылы осы жол-дың жөндеу жұмыстары жалғаса ма? <i>Татьяна Максимовна Курочкина, зейнеткер.</i>	Мәселе бақылауға алынды. Ағымдағы жылы «Еленовка-Чисто-полье» автожолының жөндеу жұмыстары жоспар-ланды.	С.М.Дайыров Л.В.Сердюк	2015 ж. қазан	Қ.Д.Досымбеков
Казанка ауылдық округі					
Казанка а.					
9	Елді мекенде қосымша жарық беру шамдарын орнату жұмыстарын жалғастыру туралы. <i>Зинаида Михайловна Сер-геева, зейнеткер</i>	Мәселе бақылауға алынды. 2015 жылы жарық беру шамдарын орнату жұмыстары жазғы мерзімде жалғастырылады.	С.М.Дайыров А.В.Городецкий	2015 ж. қазан	Қ.Д.Досымбеков
Қаратал ауылдық округі					
Қаратал а.					
10	Саумалкөл-Казанка автожолындағы Шүкірлік а. жанын-дағы көпірді қысқы күтіп ұстау. <i>Айтмағамбет Дауылбайұлы Дауылбаев, Қаратал а/о Ардагерлер кеңесінің төрағасы</i>	Мәселе бақылауға алынды. Саумалкөл-Казанка автожолындағы Шүкірлік а. жанындағы көпірді күтіп ұстау және тазаалау үшін «Шанғал» ЖШС техникасы бекітілді.	С.М.Дайыров А.А.Дауылбаев	2015 ж. желтоқсан	Қ.Д.Досымбеков
Қамсақты ауылдық округі					
Карасевка а.					
11	Құмтөккен а. қосымша жарық беру шамдарын орнату жұмыстарын жалғастыру туралы. <i>Өмірзақ Қалықов, зейнеткер</i>	Мәселе бақылауға алынды. 2015 жылы жарық беру шамдарын орнату жұмыстары жазғы мерзімде жалғастырылады.	С.М.Дайыров Ж.А.Беркімбай	2015 ж. қазан	Қ.Д.Досымбеков
Константиновка ауылдық округі					
Константиновка а.					
12	Ауылды жоғарғы жылдам-дықтағы интернетке қосу туралы. <i>Гүнер Есләмқызы Рыспаева, Ақан-Бұрлық БМ директоры</i>	Мәселе бақылауға алы-нды. Аудандық телекоммуни-кация желісі филиалымен атқарылады.	А.Л.МөKENова С.Н.Оспанов	2015 ж. желтоқсан	Қ.Д.Досымбеков
Украин ауылдық округі					
Кирилловка а.					
13	Елді мекенде қосымша жарық беру шамдарын орнату жұмыстарын жалғастыру туралы. <i>Қайрат Ибраымұлы Молдабаев,жылқышы</i>	Мәселе бақылауға алынды. 2015 жылы жарық беру шамдарын орнату жұмыстары жазғы мерзімде жалғастырылады.	С.М.Дайыров Ж.Б.Мұқашев	2015 ж. қазан	Қ.Д.Досымбеков
Барлығы Орындалды Жұмыста				13 0 0	

Қ.ҚАЙНЕТОВ, аудан әкімінің аппарат басшысы

2015 жылғы қаңтарда тұрғындармен есептік кездесуде Айыртау ауданының ауылдық округ әкімдеріне түскен сұрақтар мен ұсыныстарды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар

2015 жылдың 1 тоқсаны					
№ р/с	Сұрақ авторының Т.А.Ә. сұрақ пен ұсыныстың мазмұны	Орындау бойынша іс-шаралар	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Орындауды бақылау
Арықбалық ауылдық округі					
Қарасай батыр ауылы					
	Орталық аудандық аурухана-да қызмет көрсету сапасын жақсарту туралы. <i>Ашот Герасимович Мелконян, «Златогорка» ЖШС басқарушысы</i>	Мәселе бақылауға алынды. Осы мәселе ОАА бас дәрігерімен пысықталады.	С.Ф.Молдахметов Қ.Қ.Шарапов	2015 ж. наурыз	М.Т.Науанова
Володар ауылдық округі					
Новоукраинка а.					
	Новоукраинка ауылы бойынша № 5 автобус қозғалысы маршрутына қосымша өзгерістер енгізу туралы мәселе. <i>Сұрақ жәшіктен.</i>	Мәселе бақылауға алынды. Осы мәселе Саумалкөл а., «Ғабдуллин» ЖК автобус паркінің өкілдерін шақырумен қаралады.	С.М.Дайыров Е.С.Сәдуақасов	2015 ж. наурыз	Қ.Досымбеков
3	МКР 18-19 үйлеріне қосымша қоқыстарға арналған контейнерлер қойылсын. <i>Антон Васильевич Герасимов, зейнеткер</i>	Мәселе бақылауға алынды. «Фотон» ЖШС-не қосымша контейнерлер қою тапсырылды.	С.М.Дайыров Е.С.Сәдуақасов	2015 ж. наурыз	Қ.Досымбеков
Гусаковка ауылдық округі					
Береславка а. (Красный Кордон а.)					
4	Коммерциялық шығындар барын анықтау үшін электр беру желілеріне тексеріс ұйымдастыру мәселесі. <i>Марина Юрьевна Шнайдер, ОМ директоры</i>	Мәселе бақылауға алынды. Арықбалық АЭЖ өкілдерімен тексеріс ұйымдастырылады.	С.М.Дайыров И.Г.Иванченко Е.И.Таласов	2015 ж. наурыз	Қ.Досымбеков
Имантау ауылдық округі					
Верхний Бурлук а.					
5	Школьная көшесі бойында электр жүйесінің қуаты әлсіз. <i>Нина Васильевна Алексеева, ОМ өден жуушысы</i>	Мәселе бақылауға алынды. Арықбалық АЭЖ өкілдерімен тексеріс ұйымдастырылады	С.М.Дайыров И.Г.Иванченко Л.В.Сердюк	2015 ж. наурыз	Қ.Досымбеков
Қамсақты ауылдық округі					
Құмтөккен а.					
6	Ақан сері көшесі бойындағы электр желісінің қуатына тексеріс жүргізу туралы. <i>Жәнібек Қойбағаров, өзін-өзі қамтамасыз етуші</i>	Мәселе бақылауға алынды. Айыртау АЭЖ өкілдерімен электр қуатының нормаға сәйкестігіне тексеріс ұйымдастырылады	С.М.Дайыров И.Г.Иванченко Ж.А.Беркімбаи	2015 ж. наурыз	Қ.Д.Досымбеков
Константиновка ауылдық округі					
Ақанбұрлық а.					
7	Пошта корреспонденциялары толық көлемде жеткізілмейді. <i>Людмила Анатольевна Казанцева, ДПТ медбикесі</i>	Мәселе бақылауға алынды. Аудандық «Қазпошта» АҚ филиалымен пысықталады.	Б.Т.Жанахметов С.Н.Оспанов	2015 ж. наурыз	Қ.Досымбеков
Украин ауылдық округі					
Петропавловка а.					
8	Қаңғыған түпкілерді атуды ұйымдастыру туралы. <i>Светлана Александровна Грасько, ДПТ медбикесі</i>	Мәселе бақылауға алынды. Аңшылар бригадасымен шаралар қабылданады.	С.Р.Икашев Ж.Б.Мұқашев	2015 ж. наурыз	А.Ф.Махметов
Барлығы Орындалды Жұмыста				8 0 0	

Қ. ҚАЙНЕТОВ, аудан әкімінің аппарат басшысы.

2015 жылғы қаңтарда тұрғындармен есептік кездесуде Айыртау ауданының ауылдық округ әкімдеріне түскен сұрақтар мен ұсыныстарды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар

2015 жылдың 2 тоқсаны					
№ р/с	Сұрақ авторының Т.А.Ә. сұрақ пен ұсыныстың мазмұны	Орындау бойынша іс-шаралар	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Орындауды бақылау
Володар ауылдық округі					
Айыртау а.					
1	Көктемгі су тасқыны кезінде өріген суды толық ағызу үшін Центральная көшесі бойында жол қиоветтерін тереңдету туралы. <i>Валентин Герасимович Герасимов, зейнеткер</i>	Мәселе бақылауға алынды. Мәселе 2015 жылдың көктем мезгілінде шешіледі.	С.М.Дайыров Е.С.Сәдуақасов	2015 ж. сәуір	Қ.Досымбеков
Саумалкөл а.					
2	ЖДС шағын ауданы тұрғын үйлері жанындағы ағаштарды кесу. <i>Анна Алексеевна Подольская, зейнеткер</i>	Мәселе бақылауға алынды. 2015 жылдың көктем мезгілінде абаттандыру сөнбіліктерін өткізу барысында ағаштарды кесу жұмыстары жүргізіледі.	С.М.Дайыров Е.С.Сәдуақасов	2015 ж. маусым	Қ.Досымбеков
Гусаковка ауылдық округі					
Новосветловка а.					
